



МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ



АУЫЛ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ ЕҢБЕГІ ЕРЕН

Құрметті ауыл шаруашылығы саласының
еңбеккерлері!

Сіздерді Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл күні сіздердің әрқайсысыларыңызға туған жерге деген сүйіспеншіліктеріңіз, кәсіби шеберліктеріңіз бен адал еңбектеріңіз үшін алғыс айтамын.

Біздің өңіріміз Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге елеулі үлес қосып келеді. Республика бойынша өндірілетін астықтың 24,2 пайызы, майлы дақылдардың 23,6, сүттің 10,2, жұмыртқаның 13 пайызы біздің өңірге тиесілі. Бұл көрсеткіштердің артында мыңдаған солтүстікқазақстандықтың маңдай тері жатыр.

Үстіміздегі жылғы тоғыз айдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығы саласындағы жалпы өнім көлемі 677 миллиард теңгені құрап, 110,1 пайыз физикалық көлем индексіне жетті. Бұл – ел бойынша ең жоғары көрсеткіш.

2025 жылы өңір диқандарына 161 млрд теңге көлемінде бұрын-соңды болмаған қаржылай қолдау көрсетілді.

Солтүстік Қазақстан облысы биыл тағы да еліміздің аграрлық аймағы екенін дәлелдеді. 6,5 млн. тонна астық жиналды, орташа өнімділік гектарынан 21,4 центнерден айналды. Майлы дақылдар (981 мың тонна) бойынша да жоғары нәтижеге қол жеткізілді.

Бұл жетістіктер – жер тәсін емген диқандардың кәсібилігі мен қажырлы еңбегінің нәтижесі.

Солтүстік Қазақстан облысы ел бойынша сүт өндіруден бірінші орын алады.

Соңғы екі жылда саланы дамытуға 23 млрд. теңге бағытталды, құны 89 млрд. теңге болатын 28 инвестициялық жоба іске асырылды, 1150-ден астам жұмыс орны ашылды.

Құрметті ауыл шаруашылығы саласының қызметкерлері!

Өңірдің барлық жетістіктері – сіздердің еңбектеріңіздің, туған жерге деген шынайы сүйіспеншіліктеріңіздің нәтижесі.

Еңбектеріңіз жемісті болып, әрбір шаруашылықта молшылық, әр шаңырақта бейбітшілік, жылылық пен ертеңгі күнге деген сенім болсын.

Жерге деген адалдықтың пен тынымсыз еңбектеріңіз үшін алғыс білдіремін!

Мерекелеріңіз құтты болсын, қадірлі достар!

Ғайез НҰРМҰХАМБЕТОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының
әкімі.



АУДАН ӘКІМІ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАДЫ



20 қараша күні Булаев қаласында аудандық Мәдениет үйінде аудан әкімі Рахат Смағұловтың және барлық мемлекеттік органдар басшыларының қатысуымен азаматтарды жеке қабылдау өтті. Сондай-ақ бұл күні аудан басшысы ауылдық округтерден бейнебайланыс арқылы қосылған тұрғындардың сұрақтарына жауап берді.

Барлығы 83 адам қабылданды: Булаев қаласындағы Мәдениет үйіне 36 азамат жүгінсе, аудан әкімі 18 адамды жеке қабылдады, ал 7 адамды онлайн ZOOM арқылы қабылдады (Молдогардейское, Успенка, Лебяжье, Советское, Полтавка, Бәйтерек, Надежка ауылдарының тұрғындары). Тағы 11 өтінішті аудан әкімі орын-басарлары мен аудан қызметтерінің басшылары қарады.

Ауылдық округтерде әкімдер 47 адамды

жеке қабылдап, ауылдықтардың мәселелерін тыңдады.

Жеке қабылдау барысында өтініш білдірушілерді қызықтырған сұрақтарға нақты жауаптар беріліп, түсіндірмелер берілді. Барлық өтініштер бақылауға алынды.

Іс-шара мемлекеттің халықпен ашық диалогын нығайтуға, азаматтардың өтініштерін жедел қарастыруға және кері байланыстың тиімділігін арттыруға бағытталған.

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2026 ЖЫЛЫ ЖӘРДЕМАҚЫ ӨСЕДІ: КІМ ҚАНША АЛАДЫ?

2026 жылы айлық есептік көрсеткіш өседі. Биыл 1 АЕК 3 932 теңге болса, келер жылы ол 4 325 теңге, яғни 393 теңгеге өседі. Осыған байланысты елімізде жәрдемақы көлемі де артады.

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап төмендегідей мөлшерлер бекітіледі:

- ең төменгі жалақы – 85 мың теңге (2025 жылмен салыстырғанда өзгеріссіз),
- ең төменгі зейнетақы – 69 049 теңге (+6 278 теңге),
- ең төменгі мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі – 35 596 теңге (+3 236 теңге),
- айлық есептік көрсеткіш (АЕК) – 4 325 теңге (+393 теңге),
- ең төменгі күнкөріс деңгейі – 50 851 теңге (+4 623 теңге).

Сонымен қатар 2026 жылы жасына байланысты зейнет-ақылар мен еңбек сіңірген жылдары үшін төленетін зейнетақы төлемдері 10%-ға ұлғаймақ.

Жәрдемақы қанша теңгеге өседі?

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жәрдемақы қалай есептелетінін түсіндірген болатын.

Қазақстанда көпбалалы отба-

сыларға әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында олардың табысына қарамастан республикалық бюджет есебінен мемлекеттік жәрдемақы төленеді. Оған бірге тұратын 4 немесе одан да көп көмелетке толмаған балалары немесе 23 жасқа толмаған күндізгі бөлімде оқитын студенттері бар отбасылар өтініш бере алады.

Жәрдемақы мөлшері балалардың санына қарай 4 балаға 16 ең төменгі айлық есептік көрсеткіштен 7 балаға 28 айлық есептік көрсеткішке дейін сараланады.

Отбасында 8 және одан да көп бала болса, әр балаға 4 айлық есептік көрсеткіш төленеді.

Төлем мөлшері бала санына қарай есептеліп төленеді және

2026 жылы:

- 4 баласы бар отбасыларға – 16,03 АЕК немесе 69 329 теңге;
- 5 балаға – 20,04 АЕК немесе 86 673 теңге;



- 6 балаға – 24,05 АЕК немесе 104 016 теңге;
- 7 балаға – 28,06 АЕК немесе 121 359 теңге;
- 8 және одан да көп баласы бар отбасыларға – әр балаға 4 АЕК немесе 17 300 теңге мөлшерінде төленеді.

Сондай-ақ «Күміс алқа» алқасымен марапатталған көпбалалы аналар бюджет есебінен ай сайын 6,4 айлық есептік көрсеткіш көлемінде жәрдемақы алады. Ол шамамен 27 680 теңге.

«Алтын алқа» алқасымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» орденімен марапатталған аналар үшін жәрдемақы көлемі 7,4 айлық есептік көрсеткіш. Ол - 32 005 теңге.

ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ ДАМУЫ – ӘКІМ БАҚЫЛАУЫНДА



25 қараша күні аудан әкімдігінің отырыс залында аппараттық кеңес өтіп, оған аудан әкімінің орынбасарлары, аудандық мәслихат төрағасы, полиция бөлімі басшысының орынбасары, қоғамдық кеңестің төрағасы, жергілікті атқарушы және аумақтық органдардың басшылары, Булаев қаласы мен ауылдық округтердің әкімдері қатысты.

Аудан әкімінің ауыл шаруашылығы жөніндегі орынбасары Абай Қазисов жүргізген кеңестің күн тәртібінде ауылдық округтердің даму жоспарлары, Булаев қаласының 2025 жылғы жұмыс қорытындылары, «Қазпошта» АҚ филиалының қызметі, «Тілдер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының сақталуы және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өйелдер құқығын қамтамасыз ету және балалар қауіпсіздігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы сұрақтар қаралды.

Бірінші мәселе бойынша сөз сөйлеген экономика және қаржы бөлімі басшысы Азамат Қыраубаевқа, Ұзынкөл ауылдық округінің әкімі Жаслан Қасеновқа, Ноғайбай би ауылдық округінің әкімі Эльвира Васильеваға әлеуметтік,

инженерлік және көлік объектілері бойынша ағымдағы жұмыстарды мерзімінде аяқтау, халықтың табысы бойынша қалған жобаларды қаржыландыруды қамтамасыз ету, ұялы байланыс дінгектерін орнату және қазандықтарды жаңғырту жұмыстарын жалғастыру, гранттардың іске асырылуын, IT-орталықтың ашылуын және мәдениет мекемелерінің жөндеуін бақылау бойынша тапсырмалар берілді.

Екінші мәселе бойынша баяндама жасаған Булаев қаласының әкімі Азамат Бірімжановқа жол жұмыстарының, автотұрақтардың және көшелердің жарықтандырудың сапасын бақылауда ұстап, қаланы дамыту мәселелеріне назар аудару қажеттігі айтылды.

Үшінші мәселе бойынша «Қазпошта» АҚ аудандық пошта бай-

ланысы торабының бастығы Жанат Самаратов ақпарат ұсынып, газет-журналдарға жазылу науқанын өткізу, пошта жөнелтімдері мен басылымдарды елді мекендерге уақтылы жеткізілуін бақылауда ұстау тапсырмасы берілді.

Төртінші мәселе бойынша жалпы мәселелер жөніндегі құрылымдық бөлімшесінің басшысы Ұлмекен Ахметова сөз алып, мемлекеттік мекемелердің хат-хабарларды жазу және жолдау кезінде мемлекеттік тілде баса назар аудару, «Тілдер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының сақталуын қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды қатаң бақылауда ұстау қажет екенін айтты.

Бесінші мәселе бойынша мәслихат төрағасы Айзада Рахметоваға ауқымды баяндама жасап, заңнамадағы өзгерістер мен толықтырулар туралы мәліметтер ұсынды. Кеңес қорытындысы бойынша әр сұрақ бойынша хаттама жасалып, барлық тармақтың орындалуы бақылауға алынды.

СІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫС

АУДАНЫҢ СУМЕН ЖАБДЫҚТАЛУЫ – ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТАР КЕШЕНІ



21 қараша күні тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Асхат Қыраубаев Instagram, TikTok және Facebook әлеуметтік желілеріндегі «Тікелей байланыс» айтып тікелей эфирге қатысып, ауданның сумен жабдықталуы туралы баяндама жасады.

аяқталуда. Жобаның құны 4,8 млрд теңгені құрайды. Ол аяқталғаннан кейін 37 ауылдық елді мекенде 11 мыңнан астам тұрғын сапалы және тұрақты сумен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, бес жыл ішінде біз 30 ауылда сумен жабдықтауды жақсартып, оған 5,1 млрд теңге бағытталды.

Сонымен қатар, одан әрі шешуді талап ететін мәселелер де бар. Бұл жерде біз магистральдық су құбырынан бүгінгі күні апатты жағдайда тұрған ауылдарға дейінгі бұрмаларды күрделі жөндеу туралы айтып отырмыз. «Есіл Су» АҚ-мен бірлесіп Сарытомар, Жастар, Александровка және Майбалық елді мекендерінде жөндеу жұмыстарын бастауды жоспарлап отырмыз. Ағымдағы жылы Октябрьское ауылында және Булаев қаласында су тарту жүйесінің құрылысы аяқталды. Қарағанды ауылында жұмыстар аяқталу сатысында, ал Лебяжье ауылындағы сорғы станциясы ағымдағы жөндеуден өтті, сондай-ақ Қарақоға және Успенка ауылдарында құрылыс жұмыстары жүргізілуде, оларды іске қосу 2026 жылы жоспарланған. Осы жұмыстар аяқталған соң, 1,8 мыңға

жуық тұрғын таза және сапалы суға қол жеткізе алады.

Келесі жылы қосымша су қорын қамтамасыз ету үшін 15 елді мекенде таза су резервуарлары мен сорғы станцияларын орнатуға арналған сметалық құжаттама әзірленді. Осы жобаларды іске асыруға бюджеттік өтінім жоғары тұрған әкімшілерге жолданды.

Құрметті аудан тұрғындары! Біз ауданымыздың тұрғындарын сапалы, қолжетімді және үздіксіз таза ауыз сумен қамтамасыз ету үшін жүйелі жұмыстарды жалғастырамыз. Бұл біздің басты міндеттеріміздің бірі және біз оны шешуге дәйекті түрде атсалысатын боламыз, - деді тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы.

Баяндама аяқталған соң, Асхат Қыраубаевқа «Мағжан жұлдызы» мен «Вести» газеттерінің оқырман-дары, Instagram, TikTok және Facebook әлеуметтік желілері арқылы тікелей эфирге қатысып отырған мағжандықтар аталған тақырып бойынша сұрақтарын қойып, нақты жауаптар алды.

ЦИФРЛАНДЫРУ МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – ЕЛІМІЗДІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТЫ



«Біз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын барынша енгізу арқылы экономиканы жаңғыртуымыз қажет».

Қасым-Жомарт Тоқаев

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің биылғы Қазақстан халқына Жолдауында цифрландыру және жасанды интеллект арқылы елдің одан әрі стратегиялық әлеуметтік-экономикалық дамуын нақты айқындады.

Цифрландыруды қарқынды дамыту үшін Мемлекет басшысы жасанды интеллект және цифрландыру министрлігінің құрылатынын жариялады. Жақын арада цифрландыру мен жасанды интеллектті дамыту бойынша «Digital Qazaqstan» бірінші ағымдағы тұжырымдамалық құжаты әзірленетін болады.

Цифрлық кодексті қабылдау, жаңа тәсілдерді енгізуге немесе қолданыстағы шешімдерді біріктіруге бағытталған цифрлық платформалар мен ақпараттық жүйелерді іске қосу күтілуде.

Бүгінде облыста денсаулық сақтауда жасанды интеллектті қолдана отырып, ауруларды ерте анықтау жүйесі іске асырылуда. Білім беруде оқушыларды жасанды интеллектке үйрету және педагогтарды даярлау үшін Kazakh Digital платформасы іске қосылды.

Ауыл шаруашылығында сүтті мал шаруашылығында дәл егіншілік және жасанды интеллект жүйелері енгізілуде (азықтандыру, егу датчиктері және т.б.). Келесі қадам - жер сапасын, ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін, жай-күйін және таралуын терең талдау, жасанды интеллектті қолдана отырып, ауыл шаруашылығы жерлерінің спутниктік мониторингін жасау.

Президент цифрлық құралдар арқылы инфрақұрылымдық жобалардың ашықтығын қамтамасыз етуді талап етті. Жаңа буынды ахуалдық орталығы құрылатын болады, ол ТКШ, көлік, экология және қауіпсіздік деректері негізінде жұмыс істейтін болады, осылайша шешімдер «қолмен басқару» емес, талдау негізінде қабылданады.

Жолдауда айтылған міндеттерді табысты іске асыру үшін «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендерде цифрлық инфрақұрылымды дамытуға бағытталған іс-шаралар кешені іске асырылуда, бағдарлама шеңберінде 2026 жылдың соңына дейін біздің аудан бойынша 29 елді мекенді (Достық, Рошнино, Веселовка, Александровка, Конохово, Куломзино, Образец, Чистое, Құралай, Жастар, Сарытомар, Бинаш, Ноғайбай, Еремеевка, Гаврино, Хлебобоб, Ганькино, Придорожное, Майбалық, Пулеметовка, Шандақ, Сулышок, Новотроицкое, Береке, Пролетарское, Тищенко, Заросское) талшықты-оптикалық желілер (ТОБЖ) арқылы Интернетке сымды қолжетімділіктен қамтамасыз ету жоспарланған.

Ауданда 19 мектеп Starlink-ке қосылған. Сондай-ақ, Республикалық маңызы бар автожолдар бойында мобильді желі дамуда, мәселен, биыл біздің аудан бойынша үш антенна-дінгекті құрылыс орнатылады. 7 ауылдық елді мекен Қазат спутнигі арқылы Интернетке қосылды.

Адамсыз жасанды интеллект пен ақпараттық технологияларды енгізу мүмкін емес. Сондықтан, Жолдауда жаңа экономика үшін мамандар даярлау қажеттілігіне баса назар аударылған. Облыста қазірдің өзінде колледждер, университеттер және өңірлік жобалар арқылы IT-білім беруді дамытуда.

Облыс орталығында креативті индустриялар орталығы базасында IT-хаб құрылды. Бұл цифрландыруды мәдени және білім беру жобалармен біріктіреді, ал жасанды интеллект генеративті идеялардан жаңа бизнес-модельдерге мүмкіндіктер ашу арқылы аймақтың шығармашылық әлеуетін күшейтеді.

Достан ТАСМАҒАНБЕТОВ,
аудан әкімінің жедел және экономика жөніндегі орынбасары.

ХҚКО - АЗАМАТТАР ҮШІН СЕНІМДІ СЕРІКТЕС

Орталық құрылған сәттен бастап ұжымның алдында мемлекет пен халықтың өзара іс-қимылының мүлдем жаңа форматын құру міндеті тұрды. Бұл тек нормативтік базаның болуы ғана емес, сонымен қатар инновациялық қызмет көрсету жүйесін енгізу үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға дайын адамдарды да талап етті.

Мағжан Жұмабаев ауданы халыққа қызмет көрсету орталығының бірінші басшысы лауазымына Қалиев Әділбек Зейноллаұлы тағайындалған болатын. Оның басшылығымен жаңа мекеменің алғашқы мамандары жұмысқа алынып, жаңа ұжым құрылды. Барлық 17 адам арнайы оқудан өтіп, жұмыстың жаңа стандарттарын игерді және ХҚКО-ның болашақ қызметінің негізін қалады. Кейбір қызметкерлер орталық ашылған сәттен бастап халыққа қызмет көрсетуді жалғастыруда, осындай тәжірибелі мамандардың бірі - Рысбекова Асен Галимовна.

Басынан бастап ХҚКО тууды тіркеуден және тұрғылықты жері бойынша тіркеуден бастап жылжымайтын мүлік қызметтеріне дейін өртүрлі бағыттар бойынша қызметтер көрсететін ұйымға айналды. Адамдар мұнда өмірлеріндегі маңызды мәселелерді шешу үшін келді. Атап айтқанда, баспана немесе тіркелу, некені немесе баланың туылуын тіркеу, құжаттарды алу. Уақыт өте келе қызметтер ауқымы кеңейе түсті, заңды тұлғалармен жұмыс, бизнесті тіркеу және қайту тіркеу қосылды.

2016 жылы жүйе жетілдірілді, мәселен, функциялардың бір бөлігі ұлттық компанияларға берілді, ал ХҚКО азаматтар мен мемлекеттік органдар арасында дәнекерлеуші болды. Кейінірек ол «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ деп аталды. Бірақ миссияның мәні өзгеріссіз қалды: адамға көптеген инстанцияларға барудың қажеті жоқ, бірақ Сіз бір жерге келіп, қажет қызметтің бәрін ала аласыз. ХҚКО қол



АНЫҚТАМА
СПРАВОЧНАЯ

Халыққа қызмет көрсету орталықтары (одан әрі - ХҚКО) Қазақстанда мемлекеттік қызметтердің ашықтығы мен қолжетімділігін арттыру бойынша реформалардың маңызды бөлігіне айналды. Солтүстік Қазақстан облысындағы осындай алғашқы мекемелердің бірі «бір терезе» қағидатын белсенді енгізу және мемлекеттік органдардың азаматтарға қызмет көрсетудің заманауи стандарттарына көшуі кезеңінде ашылған Мағжан Жұмабаев ауданының ХҚКО болды. Мұнда 2008 жылдың 11 қаңтарында азаматтарды алғашқы қабылдау жүзеге асырылды.

жетімділік пен ыңғайлылықтың символына айналды және бұл оның қоғам үшін құндылығынан артыра түсті.

eGov Mobile қосымшасында көптеген функцияларды өз бетінше орындап, қалаған қызметтерді алуға болады, бірақ көп адамдар ХҚКО-ға келіп, үнемі көмек пен кеңес беретін мамандарға жүгінуді таңдайды.

Қазір жеке куәліктер мен төлқұжаттарды айырбастауға, сондай-ақ көлікті тіркеуге байланысты қызметтер ең суранысқа ие болып қала береді. Халыққа ыңғайлы болу үшін «ХҚКО» қосымшасы жұмыс істейді, бірақ

соған қарамастан келушілер ағыны азайған емес.

ХҚКО ашылған сәттен бастап жай ғана мекеме болған жоқ — ол мемлекет пен халық арасындағы байланыстырушы буынға айналды, адамдардың мемлекеттік құрылымдармен өзара іс-қимылының жайлылығы мен сапасын арттырды.

Жұмыс істеген жылдары Мағжан Жұмабаев ауданының халыққа қызмет көрсету орталығы көрсетілетін қызметтер спектрін едәуір кеңейтті. 2019 жылдың сәуір айында арнайы сектор ашылды, ол автокөлікті еш қиындықсыз ресімдеуге,

жүргізуші куәлігін ауыстыруға және теориялық емтихан тапсыруға мүмкіндік берді. Қызмет көрсету процестері жақсарды, заманауи цифрлық шешімдер енгізілді. Ұжымның кәсібилігінің арқасында бүгінгі таңда көптеген процестер азаматтар үшін қолжетімді, тезірек және түсінікті бола бастады.

Орталықта жұмыс істейтін қызметкерлердің арқасында мұнда халық сапалы қызмет алуға асығады. Мамандардың үлкен тәжірибесі, адалдығы және алға дамуға деген ұмтылысы мекеме тарихының маңызды бөлігі және мамандардың жаңа

буындары үшін үлгі болып табылады. Бүгінгі күні ХҚКО Арнұр Амангелдіұлы Шаймерденов басқарады, ал операциялық залға Қанат Исмуқанұлы Ибраев жетекшілік етеді.

Бүгінгі таңда көрсетілген әрбір қызмет мамандардың жұмысын бағалауды сұрайтын SMS-хабарламамен бірге жүреді. Пікірлердің көпшілігі оң бағаланып, көбінесе, адамдар, назар аударғаны және қолдағаны үшін алғыс білдіреді. Цифрландыру уақыты жаңа шарттарды талап етеді және болашақта көптеген процестер толығымен онлайн форматқа ауыстырылуы мүмкін. Бірақ бір нәрсе өзгеріссіз қалады: жанды көмек пен мәселені шешуге адамның қатысуы әрқашан суранысқа ие болады. Орталықтардың жұмысы әрқашан жауапты болып табылады: әрбір қызметкер клиентке маңызды құжатты ресімдеу арқылы мәнді қадам жасауға көмектеседі. Сондықтан өз саласының майталмандары халыққа жақын болуы өте маңызды - олар үнемі көмектесіп, кеңес беріп, жанашырлық танытады.

ХҚКО тарихы - бұл адамдарға деген сенім, ыңғайлылық және қамқорлық тарихы. Жиырма жыл ішінде ХҚКО ел өмірінің ажырамас бөлігіне айналып, ал көптеген адамдар нағыз сервис пен адами қатынастың символы болып табылады. Бүгінде мамандар сервисі дамытуды, жаңа цифрлық шешімдерді енгізуді, жұмысты жетілдіруді жалғастыруда. Әрбір адам онлайн форматтарды игере бермейді, сондықтан ХҚКО - бұл мәселелерді шешудің барлық кезеңдерінде адамдарға көмектесетін орын. Мағжан Жұмабаев ауданының халыққа қызмет көрсету орталығы өз жұмысын жалғастырып, азаматтар үшін сенімді серіктес болып қала береді және сапалы мемлекеттік қызметтерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Руслан ЛУЦЕНКО,
ХҚКО маманы.

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІ ТҮСІНДІРІЛДІ

Келер жылдың 1 қаңтарынан бастап елде жаңа салық кодексі күшіне енеді. Айтулы өзгерістер жеке табыс салығынан бастап барлық бағытты қамтиды. Бұл туралы аудан әкімдігінде өткен семинар барысында айтылды. Алқалы жиынға аудан әкімінің орынбасары Достан Тасмағанбетов, облыстық мемлекеттік кірістер департаменті мен аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының өкілдері, аудан кәсіпкерлері, бухгалтерлер қатысты.

Ең маңызды жаңалықтардың бірі — жеке табыс салығында прогрессивті салық шкаласының енгізілуі. Жылдық табысы айлық есептік көрсеткіштің 8 500 есесіне (шамамен 33,4 млн теңге) дейінгі жеке тұлғалар 10% мөлшерлемесмен салық төлейді, ал одан асқан табыстарға 15% мөлшерлеме қолданылады. Бұл өзгеріс салық өлдігін арттыруға және төмен табысты азаматтарға түсетін салықтық жүктемені азайтуға бағытталған.

Сонымен қатар, салықтық шегерімдер қайта қаралды: стандартты салықтан босатылатын минимум ай сайын 14-тен 30 АЕК-ке дейін ұлғайтылды, бұл айына 140 мың теңгеге дейін жалмақы алатын қызметкерлерді жеке табыс салығынан толық босатады. Әлеуметтік осал топтарға, атап айтқанда I және II топтағы мүгедектерге арналған шегерім ай сайын 5 000 АЕК-ке дейін арттырылды.

Салықтық шегерімдерді ресімдеу жүйесі де жеңілдетілді: енді оқу, емделу немесе ипотека бойынша құжаттар ұсынуың орнына бекітілген стандартты шегерім қолданылады. Зейнетақы және біржолғы төлемдер салықтан босатыла-



ды. Жаңа кодексте салықтық берешекті өндіріп алу мәселесіне ерекше назар аударылған. Берешектің шекті мөлшері — 20 АЕК енгізілді. Егер берешек осы шектен аспаса, тек өсімпұл есептеліп, хабарлама жіберіледі. Ауып кетсе — шоттар бағатталады, инкассалық тапсырмалар беріледі, ал 45 АЕК-тен асатын берешек жағдайында мүлік тәркіленеді.

27 000 АЕК-тен астам берешек үш айдан артық өтелмеген жағдайда, сот бұрышкердің шет елге шығуына тыйым сала алады. Осыған дейін салық органдары бұрыштың пайда болғаны туралы ескерту мен хабарламалар жіберуге міндетті. Бұдан бөлек, салық төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеу мүмкіндігі кеңейтілді. Мысалы, кейбір талаптарға сәйкес (еңбек өтілі, қызметкерлердің болуы, негізгі құралдар)

кепілсіз және банк кепілдігісіз кейінге қалдыруға рұқсат беріледі.

Уақытша қаржылық қиындықтары бар салық төлеушілерге кепілсіз 1 500 АЕК-ке дейінгі бөліп төлеу мүмкіндігі қарастырылған. Сондай-ақ, импорттерге өнім өндіруге арналған шикізат пен материалдарға ҚҚС төлеуді кейінге қалдыруға рұқсат етіледі.

Тағы бір маңызды жаңалық — салық өкімшілігін біріктірілген жүйенің іске қосылуы. Ол қолданыстағы жеті IT жүйесін ауыстырып, салық өкімшілігін жеңілдетіп, рәсімдерді жеделдетіп, процестерді автоматтандырады және салық төлеушімен мемлекет арасындағы өзара әрекеттің ашықтығын арттырады.

Жаңа кодексе күшіне енгенге дейін азаматтарға қолданыстағы салық міндеттемелерін уақытылы орындау қажеттілігі туралы да ескертілді.

Соңғы жылдары елімізде «көленкелі экономика» тамырлап, көсібінен түскен табысты салыққа төлеуден жалтарғандар көбейген. Ал «жаңа салық кодексінде осындай олқылыққа жол бермес үшін барлық мәселелер ескерілген», - дейді мамандар.

Осылайша, семинар барысында салықтық рәсімдерді цифрландыру, талдау, есептеу жүйесін онтайландыру секілді мәселелер талқыланып, көсіп иелерін толғандырган сауалдарға мемлекеттік кірістер департаментінің өкілдері толық жауап берді.

Нина ФЕДОРЕНКО,
Мағжан Жұмабаев атындағы аудан бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының салық төлеушілермен жұмыс жөніндегі бас маманы.

ӘРБІР БАСЫЛЫМ ӨЗІНІҢ ОҚЫРМАҒАДАРЫМЕН БАЙ



Іс-шара жүргізушілері Нұрғұл Оқашева мен Диас Аяған жиналғандарды аталмыш іс-шараның мақсат-міндеті, оқырман күнінің маңызы туралы айтты.

2026 жылға арналған баспасөзге жазылу науқанының басталуымен құттықтаған газет өкілдері биыл өңіріміздегі қазақ баспасөзінің қарашаңырағы, іргетасын Мағжан Жұмабаев, Смағұл Сәдуақасов сынды Алаштың аяулы перзенттері қалап, көрегесін Қошқе Кемеңгерұлы, Сәбит Мұқанов, Сафуан Шаймерденов сынды белгілі қаламгерлер көрген облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетінің алғашқы санының жарық көргеніне 105 жыл толғанын жеткізді.

Осынау мерейлі датаға орай облыстық газет ұжымы биыл өңір аудандарын аралап, жанашыр оқырмандарымен кездесулер өткізуді қолға алған болатын.

Мағжан Жұмабаев ауданы – газет оқырмандары көп шоғырланған, ұлттың үнін ту еткен басылымға жазылушылардың саны жөнінен алғы шепте тұрған аймақ. Сондықтан бұл күнгі іс-шараға аудандық әкімдік өкілдері, ауылдық округтерден, білім ордалары мен мәдениет ошақтарынан оқырмандар көптеп жиналды.

Алғашқы сөз кезегі Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің әлеуметтік мәселелері жөніндегі орынбасары Азамат Шәріповке беріліп, ол өз сөзінде өңірдегі қазақ басылымдарының қарашаңырағы саналатын «Солтүстік Қазақстан» газетін барынша қолдайтындарын тілге тиек етті.

21 қараша күні «Soltüstik Kazakhstan» газетінің ұжымы Мағжан Жұмабаев ауданына ат басын тіреп, Булаев қаласындағы аудандық Мәдениет үйінде «Оқырман күні» атты шара ұйымдастырды. Мән маңызы зор кеш – «Soltüstik Kazakhstan» газетінің 105-жылдығына және 2026 жылға баспасөзге жазылу науқанына арналды.

«Алдымен «Soltüstik Kazakhstan» газетінің барлық оқырмандарын басылымның мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын. Газет ұжымына шығармашылық табыс, оқырмандары көп болсын деп тілеймін.

Шынында да газет – халықтың үні. Өңір тарихы қатталған басылымды қолдау жұмыстары әрқашан бақылауда. Газет оқырмандарының санын көбейту ісіне мағжандықтар да өз үлестерін қосатынына сенімдімін», – деді Азамат Сайраулы.

Баспасөздің ел өміріндегі алатын орны жайлы әйгілі Ахмет Байтұрсынұлы: «Газет – халықтың құлағы, көзі һәм тілі» депті. Ал неміс философы Артур Шопенгауэр: «Газет – тарихтың секундтық стрелкасы», – деген болатын. Облыстық «Soltüstik Kazakhstan» газеті де өңір шежіресін қарасөзбен кескіндеуде. Халықтың үні, билік пен бұқараның дәнекері болып келе жатқан басылымдарды қолдау осы күнгі қазақ баласына да ортақ міндет.

Азаматтың мемлекеттік тілге, ұлт руханиятына, Алаш аманатына деген адалдығы алты ай сайын айналып келетін баспасөзге жазылу науқанында анық көрінетінін айтқан «Қызылжар-Ақпарат» ЖШС-ның директоры Ербақыт Амантайұлы поштананы газетті уақытында жеткізу жиілігін сақтамауы

мәселесіне баса назар аударды.

«Пошта аудандарға екі, ауылдарға аптасына бір-ақ рет барады екен. Сондықтан 2025 жылдың басынан газет аптасына бұрынғыдай 3 рет емес, 2 рет шығып келеді. Қазіргейге геосаяси ахуал ұшығып тұрған сәтте өз идеологиямызды мықтап қолға алуымыз керек. Демек газетті ұлттың тұтастығын сақтау құралы ретінде де пайдаланған артықтық етпейді. Қандай қиын қыстау кезеңде де ұлағатшыл үрдісінен, мемлекетшіл мінезінен таймаған басылым ары қарай да Қызылжар өңірінің рухани ордасы болып қала береді», – деді ол.

«Soltüstik Kazakhstan» газеті заманмен бірге түлеуде. Соңғы жылдары өзгерістер жасалып, оқырманға керек дүниелер жарық көріп келеді. Газетіміздің дизайны өзгеріп, аудан-ауылдардағы оқырмандық мақалаларын жариялауға басымдық беріледі. «Жақсының жары», «Тұтынушы», «Сараптама», «Мәселе», «Өнеге» сияқты айдарларымыздың оқырманға берері мол.

Іс-шара барысында оқырманға викториналық сұрақтар қойылып, дұрыс жауап бергендерге естелік сыйлықтар табыс етілді. Газет жанаһырылары Рысбай Зағыпаров, Серік Ысқақов, Мұрат Ыбыраев, Еркебұлан Елубаев кезек-кезек сөз алып,

төл басылымдардың орны қашанда төрде екенін айтты, мағжандықтарды газетке жазылуға шақырды.

Халық арасында «журналистика – қоғамның барометрі» деген ұғым қалыптасқан. Елің қалай болса, берің солай, соңғы уақытта газет-журналдардың таралымының күрт төмендеп кетуі қоғамда оқуға деген құлшыныстың азайғанын аңғартады. Ал керісінше, кітап оқуға, ғылым мен білімге мықтап бет бұрған кейбір елдерде мерзімді басылым миллиондаған таралымымен шығып жатқанының куәсіміз.

Қоғам дегеніміз – сіз бен біз. Демек әрқайсысымыз өзімізді түзесек, қоғам да дұрыс бағытқа бұрылатыны – дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат.

Жиында оқырман газеттің өткені және қазіргі тыныс-тіршілігі туралы ақпаратқа қанық болып қана қоймай, облыстық Ақан сері атындағы облыстық филармония әншісі Алтынғұл Сыздықова мен жергілікті өнерпаздар Қайрат Жамбайдың, Олжас Жамбыловтың әндерін тыңдап, бір маркалып қалды.

Әрбір басылым өзінің көзі қарақты оқырмандарымен бай демекші, көкірегі ояу мағжандықтар іс-шарадан соң, пошташыны алдыртып, бірден «Soltüstik Kazakhstan» газетіне жазылды. Осылайша, газет жанаһыры облыстық басылымға деген асқан құрметін көрсетіп, газет ұжымының ерен еңбегін жоғары бағалайтындарын паш етті.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

ҚАРИЯЛАРЫМЫЗ - ҚАЗЫНАМЫЗ

«АҚ ЖАУЛЫҚ» КЛУБЫ ҚАРИЯЛАРДЫ ӨЗ ҚАТАРЫНА ШАҚЫРАДЫ

Булаев қаласындағы «Ақжаулық» клубы да «Мейірімділікті анадан үйрен, ұлылықты данадан үйрен», – деген ұстанымды ұстанады. 20002 жылы құрылған бұл клуб ауданда өткізілетін қоғамдық-мәдени жұмыстарға араласып, жас ұрпақты тәрбиелеуге өз үлестерін қосып жүр. Олардың алдына қойған мақсаттарының бірі – клуб мүшелерін кітап оқуға тарту арқылы тамыры терең, тарихы бай, мұрасы мол ұлттық салт-дәстүрлерді жоғалтпай, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу болып табылады. «Ақжаулық» клубының Рысбай Зағыпаров, Сара Зікірина, Ханифа Нәкебаева, Сабина Зағыпарова, Ажар Қуандықова, Хадиса Рахимова, Мейрам Рыспаев, Хатира Омарова сынды мүшелері үнемі ел алдында. Әз-Наурыз, Алғыс айту күні, Қазақстан халқының бірлігі күні, Астана күні, Конституция күні, Қартақ күні, Жаңа жыл сияқты мерекелер мен атаулы мерейтойларды назардан еш тыс қалдырған емес. Тіпті, биыл өткен «Жастар» облыстық спартакиадасының ашылуында да өнер көрсетіп, әсерлі қойылымға үлес қосты. Аудандық ардагерлер кеңесінің қолдауымен аудандық Мәдениет үйінің және орталық кітапхана жанында жұмыс істейтін клубтың қызметі – жан-жақты, мақсаты – айқын.

Біз ұрпақтар сабақтастығын жалғайды мақсат етеміз. Қарияларымыз өздерінің өнегелі өмірлері мен ғибратты істері арқылы жастарға үлгі болса дейміз. Әрбір жас өзінің алдындағы асқар таудай болған, елінің егемендігі мен балаларының болашағы үшін



Қазақ отбасындағы қариялардың орны ерекше әрі қадірлі. Ақ сақалды ата-әже – отбасының ғана емес, ауылдың да ұлылығы. Ағайын-абысынның бірі болып, татулықтың сағинайтын сыйла қариясы. Кейінгі жастардың, келіндердің тәрбиесінде әрі ақыл, әрі ғұмыл. Қазығалы қариялар бүгінде жас ұрпақтың саналы басын осыған өз септігін тигізеді. Жастарды етенеушілікке, патристизмге, өмірді айтынуға, ұрлық жасауға, ұжымды сыйлауға, ғұмылға қалың бейнегі үйретіп келеді.

тайсалмаған ата менен әкенің ерлігіне, жүрегі мейірімге, ақылы дария, дәстүрін сақтаған, ошағын баптаған, керек кезінде алынбас қамалдай клуб алатын қайсар ана менен әжеге қарап бой түзейді.

Ендіше, бұның жеткіншектерге беретін тәлімі мен тәрбиесі өте зор. Біз отбасының, ата-ананың орнына тәрбие береміз, деген ойдан аулақпыз. Бала үшін отбасылық тәлімнің рөлі айрықша. Біз тек болашағымыздың мықты болғанын қалаймыз. Себебі ел болашағы – жастардың қолында, – дейді клуб жетекшісі Сара Қаратайқызы.

Отбасылық құндылықтарды сақтау мен дамытуды тек қана мемлекеттік бағдарламаларға сүйенбей, ұлттық мүддені биік қоятын әрбір отбасы, әрбір азамат өзінің парызы ретінде санауы керек. Әрбір отбасында өскен тәрбиелі, білімді ұрпағымыз еліміздің ертеңі өмірінің қандай болатынының кепілі.

Сондықтан «Ақжаулық» клубы Булаев қаласында тұратын зейнетке шыққан қарияларды үйде отырғанша, қоғамға пайдасы тигізіп, ұлттық құндылықтарды насихаттап, жастарға үлгі-өнеге беруге шақырады. Клубқа мүше бола отырып, қариялар «Аманат» аспапты-вокалды тобының құрамында өз таланттарын паш етіп, басқа жағынан танылуға мол мүмкіндік алады. Олай болса, «Ақжаулық» клубы белсенді әрі азаматтық ұстанымы бар қарияларды ортақ іске жұмылып, ауданымыздың рухани өрі мәдени дамуына атсалысуға үгіттейді.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

«ЖАСТАР ҚУАТЫ» АУДАНДЫҚ ЖАСТАР ФОРУМЫ

ЖАСТАР ҚУАТЫ - АУДАНЫҢ БОЛАШАҒЫ

25 қараша күні аудандық Мәдениет үйінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында «Жастар қуаты» атты аудандық жастар форумы ұйымдастырылды. Бұл алаң - ауыл жастарының жаңа мүмкіндіктері, жаңа ойы мен жаңа энергиясын біріктіретін орта. Өйткені олар - ауылдың тірегі, болашағы, өркендеуінің негізгі күші. Аталмыш шараның мақсаты — жастарға шабыт беру, жаңа серпін қосу, жаңа идеяларға жол ашу.

Соңғы жылдары Солтүстік Қазақстан облысы «Креативті экономиканың дамуы» атты жаңа бағытқа қадам басты. Бұл - өнер, мәдениет, білім, технология, жастар бастамалары тоғысатын жаңа сала.

Осы бағыт қазір облыс бойынша керемет нәтижелер көрсетіп жатыр. Әр ауданда креативті хабтар, жас таланттар жиналатын орта, жаңа форматтағы алаңдар ашылуда.

Мағжан Жұмабаев ауданының креативтік орталығының алаңында өткен форум - болашаққа бағытталған үлкен қадам болды.

Форум барысында облыста креативті даму жұмысының басталуына, дамуына ерекше үлес қосқан, жастарды қолдайтын, тәжірибесі мен білімі арқылы өңірге жаңа серпін беріп, осы үлкен жұмыстың алдыңғы шебінде жүрген тұлға - Закиржан Мамлютов, білім саласындағы нағыз авангард, жұмысшы мамандықтарын дамытып, жастарға қажетті мамандыққа тәрбиелеп жүрген тұлға, аудандағы техникалық және кәсіптік білімнің жаңа деңгейге көтерілуіне үлес қосып жүрген азамат - Батыр Әбілмәжінов жастар алдында сөз сөйлеп, бүгінгі таңда мемлекет ұсынып



отырған жаңа мүмкіндіктер туралы айтты. Сонымен қатар, қылмыстарға жол бермеу, алаяқтықты алдын алу бойынша полиция өкілдері де сөз алып, жастарды бұзушылықтардан аулақ болуға шақырды.

Біздің аудан - еңбек адамына, жұмысшы мамандықтарының шеберлеріне әрқашан ерекше құрмет көрсетіп келеді. Бұл азаматтар - аудан дамуының

тірегі, еңбегімен елді өсіріп, өндіріске үлес қосып жүрген нағыз майталмандар. Осыған орай, ауыл шаруашылығы, тамақ өндірісі, өңдеу саласында еңбек етіп жүрген ауданның үздік өкілдері сахна төріне шақырылып, арнайы марапаттарға ие болды.

Іс-шарада Қазақстанның жас өнерпаздар алаңында өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған, стиль мен креативтің

символына айналған Q-Production тобы өнер көрсетіп, жиналғандарға көтеріңкі көңіл сыйлады.

Осылайша, «Жастар қуаты» жастар форумы — ауыл жастарының жаңа кезеңін бастаған ерекше күн болды.

Форум қатысушылары көкейінде жүрген ойларымен бөлісіп, жаңа жоспарлар мен бағыттарды айқындады.

ГІР СПОРТЫНАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ

2025 壶铃世界锦标赛

CHAMPIONSHIP, KETTLEBELL SPORT, 2025



БІР КҮМІС, ЕКІ ҚОЛА

13-17 қараша аралығында Хайнин қаласында (Қытай) гір спортынан әлем чемпионаты өтіп, аталмыш доға дүние жүзінің 27 елінен келген 350 астам спортшылардың басын біріктіргі. Қазақстан ұлттық құрамасының құрамында турнирге Солтүстік Қазақстан облысының 14 спортшысы қатысып, лайықты өнер көрсетті.

Соның ішінде ардагер спортшылар да мықты нәтижелерге қол жеткізгенін атап өту керек. Мәселен, біздің атақты жерлесіміз Ерік Әлібаев 60-64 жас аралығындағы спортшылар арасында 85 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде өнер көрсетті.

Мықтылармен тартысқа түсіп, тең өнер көрсеткен Ерік Көрімжанұлы серпе көтеруде күміс жүлдегер атанды және «ұзақ цикл» және «жұлқа көтеру» сәттарында екі қола жүлдеге ие болды.

Өткен жылы әлем чемпионатында төрт алтын медаль жеңіп алған Ерік ағамыздың барлық спорттық көрсеткіштері шынмен де таңданарлықтай және көпшілікті жасына қарамастан дене шынықтыру мен спортпен айналысуға шабыттандырады.

Ерік Көрімжанұлы осы жетістіктерімен тоқтап қалмай, 11-15 желтоқсан аралығында Астана қаласында өтетін гір спортынан Қазақстан кубогында әуесқойлар арасында 24 келі гүрді жұлқа көтеру жарысында бағын сынамақшы. Ендеше, Мағжан ағамыз туған киелі топырақта өскен Ерік ағамызға жеңіс тілеп, сәттілік жолдас болсын дейміз.

Спорт ардагері және атақты спортшы Ерік Әлібаев қаржылық қолдау көрсеткен және оның әлем чемпионатына қатысуын үлес қосқан меценаттарға, жанкүйерлік танытқан барша жерлестеріне шын жүректен алғысын білдіреді.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

БУЛАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ ҰЙЫМДАРЫ, КӘСІПОРЫНДАРЫ МЕН МЕКЕМЕЛЕРІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ СПАРТАКИАДА

ДАРТС БОЙЫНША ЖАРЫС

21 қараша күні Булаев қаласының ұйымдары, кәсіпорындары мен мекемелері қызметкерлерінің арасында өтетін жыл сайыны дәстүрлі спартакиада жалғасуда.

Батыр Баян атындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде бағдарламаның екінші түрі - дартс бойынша жарыс өтті.

Жарыс қорытындысы бойынша дене шынықтыру және спорт бөлімі жеңімпаз атанды. Ал Булаев мектеп-бөбекжай кешенінің қызметкерлері 2-ші орынды иеленсе, экономика және қаржы бөлімінің өкілдері 3-ші орынға жайғасты.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдармен және медальдармен марапатталды.

Спартакиада одан әрі жалғасып, алдағы жұма күні футбол бойынша жарыс өтетін болады.

Қанат МҰСАТАЕВ,
дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.



«БІЗ - ӘРТҮРЛІМІЗ, БІРАҚ БІЗ - ТЕҢБІЗ»



Қойылған міндеттерді шешетін бағыттардың бірі мүгедек адамдар үшін спортты дамыту және шығармашылық қабілеттерін іске асыру үшін жағдай жасау болып табылады. Біздің ауданда көптеген таланттар өмір сүреді, олардың арасында спорт әуесқойлары мен шығармашылық тұлғалар да бар. Мәселен, аудандық кітапханада «Северный Казахстан» баспасынан жарық көрген «Мужество и любовь» деп аталатын кітапты табуға болады. Бұл кітапта өмірден ерте кеткен талантты қыз Елена Перепелица мен Чистовское ауылының тұрғыны Валентина Курочкинаның әдеби шығармалары басылған.

Айта кету керек, облыс пен ауданда мүгедектері бар тұлғалар үшін әртүрлі спартакиадалар мен шығармашылық конкурстар өткізіліп тұрады.

Ағымдағы жылдың 21 тамызында облыс орталығында «Самға» шығармашылық байқауы өтті. Іс-шараның негізгі мақсаты - мүгедек адамдардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Солтүстік Қазақстан облысының түкпір-түкпірінен жиналған таланттар қалалық мәдениет үйіне жиналып, байқауға қатысушылар түрлі қолөнер бұйымдарын ұсынып, өлеңдер оқыды, ән салып, би биледі. Сондай-ақ олар әртүрлі аспаптарда ойнап, театрландырылған қойылымдар да қойды.

Аталған байқауға біздің ауданнан төрт қатысушы қатысып, өзінің жас санатына сәйкес жүлделі орындарға ие болды. Атап айтқанда, қолданбалы өнер аталымында өнер көрсеткен Успенка ауылдық округінің тұрғыны Яна Балунда 1-ші орынды иеленді. Яна Францевна жұртшылықтың назарына лентадан жасалған гүл шоқтарын, винтажды ойыншықтарды, гауһар кескіндемесін ұсынды. «Вокал» номинациясында көрермендердің ықыласына бөленіп үлгерген жас әнші Медведжа ауылының тұрғыны Николай

Халықаралық мүгедектер күні - ең алдымен ерекше жандардың түйткілді мәселелеріне қоғам назарын аударуға, оларды әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени өмірге қатыстыруға, мүгедектігі бар адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған. Соңғы жылдары мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға, оларды медициналық-әлеуметтік қорғауға айтарлықтай көңіл бөлінуде.



Стуцаренко бірінші орынды жеңіп алды.

Сонымен қатар, Возвышенка ауылдық округінен келген Светлана Устиновна Жогина қолөнер шебері арасында екінші орын алды. Ол өзі тоқыған майлықтар, төпішкелер, дастархан, қолғаптар және басқа да заттар әкеліп, өнерімен әділ-қазыларды тамсандырды. Тапқақшылар арасында Андрей Дементьевтің «Никога ни о чём не жалеете вдоконку» өлеңін нақышына келтіріп жатқа айтқан Ұзынқөл ауылдық округінің тұрғыны Ольга Петровна Борисенко үшінші орынды иеленді.

Егер спорт туралы айтатын болсақ, жыл сайын аудан және облыс деңгейінде «Үміт» спартакиадасы үнемі өткізіліп тұрады. Биылғы жылы ол ауданда жоғары деңгейде өтіп, ауданның құрама командасы облыстық кезеңде аудан намысын абыроймен қорғады. Мағжандықтар пауэрлифтинг, шахмат, дойбы (64 және 100 торлы), тоғызқұмалақ, үстел теннисі, жеңіл атлетика, дартс, бочча және мүгедектер арбасында мәнерлеп жүргізу сияқты спорт түрлерінде өнер көрсетті.

Біздің спортшылар келесі нәтижелерге қол жеткізді: ядро лақтыру (тірек-қимыл аппаратының зақымданғандар санатында) Анна Иванченко (Булаев қаласы) жеңімпаз атанды, ал Баймағамбетов

Сайран (Возвышенка ауылы) күміс медальды иеленді. Дойбы жарысында (есту, көру санатында) Серік Ысқақов пен Софья Кучерявая өздерінің жас санаттарында 3-ші орынды жеңіп алды. Дартс бойынша жарыста (тірек-қимыл аппаратының зақымданғандар санатында) Қапар Оралов (Булаев қаласы) алтын медальға қол жеткізді.

Жеңіл атлетика жарысында (көру санаты): 200 метр қашықтықта Валерия Зайцева (Возвышенка ауылы) жеңіске жетсе, 60 метр қашықтықта (тірек-қимыл аппаратының зақымданғандар санатында) Қайыргелді Ходаров (Ноғайбай ауылы) алтын медальды жеңіп алса, Анна Иванченко (Булаев қаласы) күміс медальды еншіледі.

Ұзындыққа секіру сайысында (есту, көру, тірек-қимыл аппаратының зақымданғандар санатында) Қайыргелді Ходаров (Ноғайбай ауылы), Валерия Зайцева - (Возвышенка ауылы) 2-ші орындарға жайғаса, Евгений Дроздов (Чистовское ауылы) 3 орыннан көрінді.

Мүгедектер арасында өткізілетін «Үміт» спартакиадасы спорттың адамдарды қалай біріктіріп, жетістіктерге жетелейтінін айқын мысалы болып табылады.



Біздің ауданның тұрғыны Валерия Зайцева (Возвышенка ауылы) тірек-қимыл аппараты зақымданған, көру қабілеті бұзылған және зияткерлік даму ерекшеліктері бар спортшылар арасындағы VII республикалық спартакиадаға қатысып, онда жүлделі үшінші орынға ие болып, жарқын өнер көрсетті.

Айта кету керек, ауданда мүгедектігі бар адамдарды бейімдеуге және оңалтуға бағытталған іс-шаралар көшені жүргізілуде. Мәселен, биылғы жылы 11 адам креслолармен қамтамасыз етіліп, 67 адам протездік-ортопедиялық бұйымдар алды. Сонымен бірге, 7 адам сурдотехникалық және 5 адам тифло құралдар алды. Сонымен қатар, 35 адам санаторий-курорттық емдеуден өтті. Бұл көрсетілген көмектің бір бөлігі ғана. Алдағы уақытта да аталған қызметтерді көрсету жұмыстары жалғасатын болады.

3 желтоқсанда Халықаралық мүгедектер күні атап өтіледі. Оны БҰҰ 1992 жылы мүгедектігі бар адамдардың проблемаларына назар аудару және олардың қоғамға толық енуі мақсатында құрды. Жоғарыда айтылған іс-шараларды өткізу осыған айтарлықтай ықпал етеді. Біз бәріміз бір-бірімізден ерекшеленеміз, бірақ бұл әртүрлілікте біз өз азаматтарымыздың үлесімізді өмір сүруіне барлық мүмкіндіктерді қамтамасыз ету үшін бәрін жасауға тырысатын қоғамның бірдей азаматтарымыз. Ендеше, мүгедектігі бар адамдардың мәселелерін шешуге мемлекеттен қатар бәріміз де бір адамдай жұмылып, олар үшін тең қоғам құрып, лайықты өмір сүру үшін қолайлы жағдай жасауға бірге атсалысайық.

Алмагүл МАНСУРОВА,
жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мүгедектігі бар адамдармен жұмыс жөніндегі өкілдері.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ ХАБАРЛАЙДЫ

АБАЙЛАҢЫЗ: УЛЫ ГАЗ!

толық жанбауынан пайда болады: отын, көмір, газ. Денеге енгеннен кейін СО ұлпалар мен мүшелерге оттегінің кіруін блоктайды. Тіпті аз концентрация ауыр ауруды тудыруы мүмкін, ал ауыр жағдайларда өлімге әкелуі мүмкін.

Уланудың алғашқы белгілері:
- бас ауруы, бас айналу, жүрек айну;
- әлсіздік, құлақтың шуылуы;
- жүрек соғуы;
- сананың жоғалуы.

Өзіңізді және жақындарыңызды қалай қорғауға болады:

- жылыту маусымы басталар алдында пештердің, түтін мұржаларының және газ жабдығының жарамдылығын

тексеріңіз;
- жанармай толығымен жанғанша қақпақтарды жаппаңыз;
- бөлмені жылыту үшін газ плиталарын пайдаланбаңыз;
- тұрақты желдетуді қамтамасыз етіңіз;
- мүмкіндігінше көміртегі тотығы дабылдарын орнатыңыз.

Есіңізде болсын: улы газ жасырын — ол көрінбейді, бірақ өлімге әкеледі. Жылыту кезеңінде қауіпсіздікке қамқорлық жасау өркім үшін ереже болуы керек.

Өзіңізге және жақындарыңызға қамқорлық жасаңыз!



немесе қысқа тұйықталудың пайда болуы нәтижесінде күйіп кетпейтін белгілі бір қабырға қалыңдығы бар болат құбырларға салу қажет.

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.

САЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

ЖАҢА МЕХАНИЗМ

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ («ҰАТ» АҚ) электрондық үкімет порталы eGov.kz пен оның құрамдас бөліктерінде (eОтinish сервисі, Smart Bridge платформасы, «Ашық үкімет» порталы) пайдаланушыларға жаңа авторизация әдісі енгізілгенін хабарлайды.

Енді пайдаланушыларға бірнеше аутентификация нұсқасы қолжетімді:

- eGov QR - eGov Mobile мобильді қосымшасында QR кодты сканерлеу арқылы кіру;

- Электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) пайдаланып авторизациядан өту - растама SMS-код арқылы жүзеге асады;

- Логин мен пароль арқылы кіру - пайдаланушы ЖСН мен парольді енгізеді, ал жеке тұлғаны растау ЭЦҚ арқылы жүргізіледі.

Егер пайдаланушы eGov Mobile мобильді қосымшасын белсенді қолданса, авторизация үшін оған QR кодты сканерлеу функциясы - eGov QR - ұсынылады.

Логин (ЖСН) мен парольді пайдаланып авторизациядан өтудің жаңа механизмі мобильді оператор желісінің қолжетімді аймақтарында ыңғайлы. Бұл жағдайда жеке тұлғаны SMS-код арқылы растау қажет емес. Пайдаланушыға парольді ұмытып қалса, оны қалпына келтіру мүмкіндігі де берілген. Жүйе пайдаланушыға қолжетімді деректерді автоматты түрде анықтап, тиісті енгізу өрістерін ұсынады. Сәтті тексеруден кейін ақпарат ЭЦҚ арқылы расталып, авторизация процесі аяқталып, жеке кабинетке қауіпсіз кіру қамтамасыз етіледі.

Жаңа механизм қолданыстағы әдістерді толықтырып, порталдағы аутентификация нұсқаларын кеңейтеді. Жаңарту порталдың және оның құрамдас бөліктерінің электрондық мемлекеттік қызметтеріне қолжетімділікті қауіпсіз, ыңғайлы етіп, баламалы идентификация тәсілін ұсынуға бағытталған.

Жайна СЕЙДАХМЕТ.



Жылыту маусымының басталуымен улы газбен улану қаупі күрт артады. Бұл пештерді, каминдерді, газ колонкаларын және тұрғын үйді жылытуға арналған басқа жабдықтарды белсенді пайдаланумен байланысты.

Улы газ (СО) түссіз және иіссіз, бірақ адамдар үшін өте қауіпті. Ол отынның


ҚЫСҚА ТҰЙЫҚТАЛУ

Электр жабдықтарды орнату және пайдалану ережелерін бұзудан байланысты өрттердің негізгі себебі - қысқатұйықталу. Бұл электрсымдары мен кабельдердегі оқшаулаудың бұзылуынан, оқшаулаудың тозуынан және механикалық зақымданудан туындайды. Қысқа тұйықталу қаупі жүздеген мың амперге ток күшінің артуы болып табылады, бұл өте қысқа уақыт ішінде өткізгіштерде көп мөлшерде жылу шығарады, бұл өзекшелерде температураны күрт жоғарылауына және оқшаулаудың тұтануына әкеледі. Қысқа тұйықталудың жағымсыз салдарын

болдырмау үшін бірнеше қарапайым ережелерді есте сақтау қажет:

- Сымдарды бұрау түрінде қосуға қатаң тыйым салынады, өйткені мұндай қосылыстың өткізгіштерінің байланыс тығыздығы тез әлсірейді және олардың өзара әрекеттесу аймағы азаяды, осыған байланысты электр доғасы мен ұшқын пайда болуы мүмкін, нәтижесінде қысқа тұйықталу пайда болады.

- Жасырын электрсымдарын жүргізу кезінде, аспалы төбелердің артында, пайдаланылатын материалдың жану дәрежесіне байланысты, жануды таратпайтын кабельді пайдалану



Дүйсенбі, 1 желтоқсан	Сейсенбі, 2 желтоқсан	Сәрсенбі, 3 желтоқсан	Бейсенбі, 4 желтоқсан	Жұма, 5 желтоқсан	Сенбі, 6 желтоқсан	Жексенбі, 7 желтоқсан
QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАН. 05.35 «КӨҢІЛ ТӨЛКІНІ». 06.10 «АУЫЛ МҰҒАЛИМІ». 07.00 «TANSHOLPAN». 09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.50 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТӨЛКІНІ». 14.10, 03.05 «АПТА». 15.00«САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 16.00, 00.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 17.20, 01.00 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ 20.30 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҮЗ». 21.25 Т/Х «ЛӘЙЛА». 22.20, 02.20 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН». 03.55 АУЫЛДАСТАР.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 03.00 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛИМІ». 07.00 «TANSHOLPAN». 09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТӨЛКІНІ». 14.20 «ҚОС ПАЛАТА». 14.40 «ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ». 15.00«САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 16.00, 00.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 17.20, 03.30 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ 20.30 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҮЗ». 21.25 Т/Х «ЛӘЙЛА». 22.20, 04.10 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН». 04.50 АУЫЛДАСТАР.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 03.40 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛИМІ». 07.00 «TANSHOLPAN». 09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТӨЛКІНІ». 14.20 «ЗАҢ АЛДЫНДА». 14.35 АРНАЙЫ ЖОБА. 15.00«САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 16.00, 00.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 17.20, 03.00 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ 20.30 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҮЗ». 21.25 Т/Х «ЛӘЙЛА». 22.20, 04.10 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН». 00.50 ФУТБОЛ.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 02.05 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛИМІ». 07.00 «TANSHOLPAN». 09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.10, 03.15 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТӨЛКІНІ». 14.20, 01.30 «ЖҮЛДІЗДЫ ЖҮЗДЕСУ». 15.00 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 16.00, 00.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 17.20, 00.50 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ 20.30 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҮЗ». 21.25 Т/Х «ЛӘЙЛА». 22.20, 02.35 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН». 04.00 АУЫЛДАСТАР.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 02.30 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛИМІ». 07.00 «TANSHOLPAN». 09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТӨЛКІНІ». 14.20 БӨРІКЕЛДІ. 15.45, 03.40 ЗАҢ АЛДЫНДА. 16.00, 00.55 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 17.20, 01.45 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ 20.30 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҮЗ». 21.25 Т/Х «ЛӘЙЛА». 22.20, 03.00 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «АЙНАЙДЫ МАҒАН». 00.20 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ. 03.55 АУЫЛДАСТАР.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 17.00, 00.55 АҚПАРАТ. 06.00, 03.20 «АУЫЛДАСТАР». 06.30 Т/Х «ЖАҢА ҚОНЫС». 08.00, 02.20 «КӨҢІЛ ТӨЛКІНІ». 08.50, 12.00, 20.00 «АНАЙДЫ МАҒАН». 09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.00, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 14.15 «ҚОҢЫР КҮЗІМ». 16.00 Т/Х «БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА». 17.20, 01.15 «ҚОС ПАЛАТА». 17.40, 01.35 «ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ». 21.50 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҮЗ». 22.45 «АРЛАН», Х/ф. 01.55 АРНАЙЫ ЖОБА.	05.30 ӘНУРАН. 05.35 АҚПАРАТ. 06.00 КӨСПӨКІЙ БОКС. 10.00, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.00 «АНАЙДЫ МАҒАН». 14.15 АРНАЙЫ ЖОБА. 14.40, 23.25 «БІЗДІҢ ӨН». 16.00 «АРЛАН», Х/ф. 20.00, 01.05 АПТА. 20.50, 01.55 АҚОРДА. 21.00 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҮЗ». 21.55, 02.50 БӨРІКЕЛДІ. 02.05 «КҮМІС КӨМЕЙ». 04.00 «АУЫЛДАСТАР».

Дүйсенбі, 1 желтоқсан	Сейсенбі, 2 желтоқсан	Сәрсенбі, 3 желтоқсан	Бейсенбі, 4 желтоқсан	Жұма, 5 желтоқсан	Сенбі, 6 желтоқсан	Жексенбі, 7 желтоқсан
ХАБАР 05.00 Т/Х «ВОСТОЧНЫЕ СЛАДОСТИ». 06.00 КОНЦЕРТ. 07.00 ОЯН. 09.00 М/ф. 09.30 Т/С «МОЯ ПРЕКРАС- НАЯ ЖИЗНЬ». 11.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 11.40 ХАҚЫҢ БАҒ. 12.00, 20.00 Т/Х «ҒАШЫҚТЫҢ ТІЛІ». 13.45, 21.45 Т/Х «ЖАРЫҚ КҮН». 15.30 АЙТЫС АЙНАСЫ. 16.00, 00.30 Т/С «БЕДНАЯ НАСТЯ». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ЖЕР-ЖАҒАН. 18.35 ЖАҒАЛЫҚТАР. 19.00 COVER SHOW. 23.30 КЕШРЕС. 01.40 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ВОСТОЧНЫЕ СЛАДОСТИ». 06.00 КОНЦЕРТ. 07.00 ОЯН. 09.00 М/ф. 09.30 Т/С «МОЯ ПРЕКРАС- НАЯ ЖИЗНЬ». 11.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 11.40 ӘЛЕУМЕТ. 12.00, 20.00 Т/Х «ҒАШЫҚТЫҢ ТІЛІ». 13.45, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6». 15.30 НЕОСЕТЬ. 16.00, 00.30 Т/С «БЕДНАЯ НАСТЯ». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ЖЕР-ЖАҒАН. 18.35 ЖАҒАЛЫҚТАР. 19.00 COVER SHOW. 23.30 КЕШРЕС. 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ВОСТОЧНЫЕ СЛАДОСТИ». 06.00 КОНЦЕРТ. 07.00 ОЯН. 09.00 М/ф. 09.30 Т/С «МОЯ ПРЕКРАСНАЯ ЖИЗНЬ». 11.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 11.40 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 12.00, 20.00 Т/Х «ҒАШЫҚТЫҢ ТІЛІ». 13.45, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6». 15.30 КӨЗКАРАС. 16.00, 00.30 Т/С «БЕДНАЯ НАСТЯ». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ЖЕР-ЖАҒАН. 18.35 ЖАҒАЛЫҚТАР. 19.00 COVER SHOW. 23.30 КЕШРЕС. 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ВОСТОЧНЫЕ СЛАДОСТИ». 06.00 КОНЦЕРТ. 07.00 ОЯН. 09.00 М/ф. 09.30 Т/С «МОЯ ПРЕКРАСНАЯ ЖИЗНЬ». 11.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 11.40 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 12.00, 20.00 Т/Х «ҒАШЫҚТЫҢ ТІЛІ». 13.45, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6». 15.30 НЕОСАНА. 16.00, 00.30 Т/С «БЕДНАЯ НАСТЯ». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ЖЕР-ЖАҒАН. 18.35 ЖАҒАЛЫҚТАР. 19.00 COVER SHOW. 23.30 КЕШРЕС. 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ВОСТОЧНЫЕ СЛАДОСТИ». 06.00 КОНЦЕРТ. 07.00 ОЯН. 09.00 М/ф. 09.30 Т/С «МОЯ ПРЕКРАСНАЯ ЖИЗНЬ». 11.30 ДӨСТҮР. 12.00, 20.00 Т/Х «ҒАШЫҚТЫҢ ТІЛІ». 13.45, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6». 15.30 АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ. 15.50 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 16.10 ШЕБЕРЛЕР ШАЙҚАСЫ. 17.00 ҚОҒАМ ПІКІРІ. 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҒАЛЫҚТАР. 19.00 COVER SHOW. 23.30 ОЙНАҚ. 00.30 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 МАҢДАЙ ТЕР. 06.15 КІМ МЫҚТЫ? 07.30 КОНЦЕРТ. 09.30 ПРЕЗИДЕНТСКИЙ РЕЗЕРВ. 10.00 ШЕБЕРЛЕР ШАЙҚАСЫ. 11.15 М/ф. 12.45 М/ф «СУПЕР МЯУ». 13.30 «СЫН РЭМБО», Х/ф. 15.15 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 20.20 THE VOICE КАЗАҚСТАН. 22.00 7 КҮН. 22.40 ЖҰМЫР ЖЕР. 23.00 «БЮРОС ЛИ: РОЖДЕНИЕ ДРАКОНА», Х/ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 МАҢДАЙ ТЕР. 06.15 КІМ МЫҚТЫ? 07.30, 00.45 ӘСЕМ ӘНДЕР. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 АЗАМАТ. 11.15 ӨМІР ӨРНЕГІ. 12.30 «БЮРОС ЛИ: РОЖДЕНИЕ ДРАКОНА», Х/ф. 14.20 М/ф. 15.50 М/ф «СУПЕР МЯУ». 16.15 THE VOICE КАЗАҚСТАН. 18.15 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 19.15 ЖЕКІПЕ-ЖЕК АЙТЫС. 20.45 ҚЫЗЫҚ TIMES. 22.00 7 КҮН. 22.40 ГЛОБАЛЬНЫЕ СОБЫТИЯ. 23.00 «СЫН РЭМБО», Х/ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 1 желтоқсан	Сейсенбі, 2 желтоқсан	Сәрсенбі, 3 желтоқсан	Бейсенбі, 4 желтоқсан	Жұма, 5 желтоқсан	Сенбі, 6 желтоқсан	Жексенбі, 7 желтоқсан
ЕВРАЗИЯ 06.00, 02.10 П@УТИНА. 07.00, 19.00 КӨРЕМІЗ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.55 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.50 Т/С «ЧЕГО ХОТЯТ ЖЕНЩИНЫ». 14.00, 01.40 НОВОСТИ. 14.15, 01.55 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ЗАПОВЕДНЫЙ СПЕЦНАЗ». 00.30 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.35 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.	06.00, 02.10 П@УТИНА. 07.00, 19.00 КӨРЕМІЗ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.55 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.50 Т/С «ЧЕГО ХОТЯТ ЖЕНЩИНЫ». 14.00, 01.40 НОВОСТИ. 14.15, 01.55 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ЗАПОВЕДНЫЙ СПЕЦНАЗ». 00.30 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.35 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.	06.00, 02.50 П@УТИНА. 07.00, 19.00 КӨРЕМІЗ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.00 Т/С «ПОБОИТЬ И НЕ НАВИДЕТЬ». 14.10, 02.30 НОВОСТИ. 14.20, 02.40 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.35 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «БЫВШИХ НЕ БЫВАЕТ». 01.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 02.10 П@УТИНА. 07.00, 19.00 КӨРЕМІЗ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.55 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.50 Т/С «ЧЕГО ХОТЯТ ЖЕНЩИНЫ». 14.00, 01.40 НОВОСТИ. 14.15, 01.55 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ЗАПОВЕДНЫЙ СПЕЦНАЗ». 00.30 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.35 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.	06.00, 02.40 П@УТИНА. 07.00, 19.00 КӨРЕМІЗ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.55 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.50 Т/С «ЧЕГО ХОТЯТ ЖЕНЩИНЫ». 14.00, 02.05 НОВОСТИ. 14.15, 02.25 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.30 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.10 Т/С «ЗАПОВЕДНЫЙ СПЕЦНАЗ». 03.55 ТАМАША СІТУ.	06.00 ТАМАША СІТУ. 07.35, 03.05 «П@УТИНА». 09.00 ПОЕХАЛИ. 10.00 «МУЖ НА ЧАС», Х/ф. 12.15 «ОБМАННІ СЕБЯ». 16.25 ҚАЙМАҚ. 17.00 Т/Х «МУЗГА БАЙЛАНҒАН ТАҒДЫРЫ». 19.00 КӨРЕМІЗ-ШОУ. 20.00 АСАУ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.35 «ЗАҢ МЕН ЕЛ». 21.00 «КОСКОЛЬКО СТОИТ СЧАСТЬЕ», Х/ф. 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТАМАША СІТУ. 07.35, 03.05 «П@УТИНА». 09.15 «ПОВАРА НА КОЛЕСАХ». 10.10 Т/С «НЕРАСКРЫТЫЙ ТАЛАНТ-3». 14.05 «ДВЕ ЗВЕЗДЫ. СЕМЕЙНЫЙ ПОДРЯД». 16.05 «КОСКОЛЬКО СТОИТ СЧАСТЬЕ», Х/ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.50 Т/С «УКРАДЕННОЕ СЧАСТЬЕ». 01.10 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

- Қазақтың тағдыры – жастардың қолында.
- Ұлтты сүю – ұлы парыз.
- Еңбекпен келген білім – өмірдің шырағы.
- Адам баласының ең асылы – ұрпаққа қалдырған мұрасы.

Мағжан ЖҰМАБАЕВ.



ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

**Құрметті «Мағжан жұлдызы»
газетінің оқырмандары!**

**Сіздерге
2026 жылдың
бірінші жартыжылдығына
жазылу науқанын жүріп
жатқанын
хабарлаймыз.**

**Газетке аудандық пошта
және газет редакциясында
жазылуға болатынын
еске саламыз.**

**Газетке жарты жылға
жазылу бағасы -
жеке тұлғалар үшін -
2185 теңге,
заңды тұлғалар үшін -
3372 теңге.**

**Анықтама телефоны:
пошта - 2-17-80.
редакция - 2-21-35.**

СОТӨНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ ХАБАРЛАЙДЫ

112 ЖІБЕРЕТІН ХАБАРЛАМАЛАРҒА НЕЛІКТЕН НАЗАР АУДАРУ КЕРЕК?

Дауылды ескерту — бұл қауіпсіздіктің сана мен дайындықтан басталатынын еске салатын маңызды сигнал. Уақытында қабылданған сақтық шаралары жарақаттанудың алдын алуға, зақымдануды азайтуға және адамдар мен инфрақұрылым нысандарын қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.



— «60 секундтық қауіпсіздік» жобасы дауылды ескертулердің маңыздылығы мен ауа райының қолайсыз жағдайына алдын ала дайындалу қажеттілігі туралы қысқаша шолу жасады. Оның мақсаты — қауіпті ауа райы құбылыстары кезінде әр адамның қауіпсіздігін сақтауға көмектесетін қарапайым, бірақ өмірлік маңызды ережелерді еске салу.

112 қызметі жіберген жедел хабарламалар алдағы ауа райы, қауіп-қатер туралы уақытында білуге және қажетті шараларды қабылдауға мүмкіндік береді. Ауа райы жағдайының күрт нашарлауы туралы ақпарат алған кезде әрекет ету тәртібін білу маңызды, — деп ескертті ТЖМ.

Ведомство азаматтарды ресми ескертулерге мұқият назар аударуға, 112 қызметінен келетін хабарламаларды үнемі тексеруге және ауа райының мүмкін өзгерістеріне алдын ала дайындалуға шақырады.

ЖАДЫНАМА

ЖАРЫЛҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

- Антенна
- Сағат тетігінің дыбысы
- Сыртқа шығып тұрған әртүрлі сымдар
- Батареялар
- Оқшаулағыш Таспа
- Несі жоқ заттар



Терроризм актісі қатерінің туындауы туралы халықты ақпараттандыру мақсатында, террористік қауіптіліктің бірқалыпты («сары»), жоғары («қызыл») және шекті («қызғыл») деңгейлері орнатылуы мүмкін.

Бірқалыпты деңгейде келесі іс-әрекеттер ұсынылады:

1. Қоғамдық орындарда болған кезде айналадағылардың әрекеттерінің оғаштығына және сыртқы түріне, иесіз күдікті заттар мен автокөліктерге назар аудару.
 2. Барлық күдікті жағдайлар жөнінде құқық қорғау органдарына хабарлау.
 3. Полиция тарапынан белсенді көңілге түсіністік білдіріп, оларға көмек көрсету.
 4. Күдікті заттарды уақытша сақтау және тасымалдау үшін қабылдау.
 5. Күдікті заттарға жақындауға, қозғалтуға және ашуға тыйым салынады.
 6. Жанұядағы көрілер мен балаларға барлық табылған иесіз заттар олардың өміріне қауіп төндіретіндігін түсіндіру.
 7. Облыс аймағында орын алған оқиғалар жөнінде хабардар болу.
- Жоғары деңгейде ұсынылады:**
1. Халық шоғырланатын орындарға баруды шектеу.
 2. Полиция қызметкерлерінің талабы бойынша жеке куәлікті немесе басқа да құжаттарды ұсыну.
 3. Қоғамдық ғимараттарда болғанда өрт кезінде қолданатын

қосалқы шығу есіктерінің және көрсеткіштердің орналасуына көңіл аудару.

4. Тұрғын үйлердің маңындағы бейтаныс адамдар мен автокөліктерге көңіл аудару.
 5. Аса пішінді заттарды өзімен бірге тасымалдаудан бас тарту.
 6. Жанұя мүшелерімен төтенше жағдай туындағанда іс-әрекеттер жоспарын талқылау.
- Шекті деңгейде бірқалыпты және жоғары деңгейлерде атқарылатын іс-әрекеттерден басқа ұсынылады:**

1. Тұрып жатқан үйдің тұрғын-дарының кезекшілігін ұйымдастыру, бөтен адамдар мен автокөліктердің пайда болуына көңіл бөлу.
2. Террористік қауіптіліктің деңгейі орнатылған аудандарға жол жүруді кейінге ауыстыру.
3. Эвакуациялануға дайындалу.
4. Терроризм актісі жасалған орында дүрбелеңдікке берілмеу, қызығушылық танытпау, бейне және фото түсірілім жүргізбеу.
5. Теледидар немесе радио-қабылдағышты үнемі қосылған күйі ұстау.
6. Терроризм актісінің қауіпі жөнінде жалған ақпаратты таратпау.

ТЕРРОРИСТІК АКТИЛЕРДІ БОЛДЫРМАУ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚҚА АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМА

Мұқият болыңыздар! Үйіңіздің кіреберісіндегі, аулаларыңыздағы, көшедегі бөгде заттар мен адамдарды дер кезінде өздеріңіз ғана байқай аласыздар.

Қырағы болыңыздар! Маңайдағы адамдардың жүріс-тұрысына, орынсыз жатқан иесіз мүліктер мен заттарға көңіл аударыңыздар.

Үйлеріңіздің қауіпсіздігін қамтамасыз етіңіздер: кіреберісте домофонымен темір есік орнатыңыздар, жертелелер, үй шатырлары және техникалық ғимарат есіктерінің ашық - жабықтығын тексеріңіздер.

Көліктегі жолаушының күдікті жүріс-тұрысын көріп тұрып, байқамаған сыңай танытпаңыздар! Сіздер көлікпен жүру қауіпсіздігін сақтауға толық құқыларыңыз бар.

Ешқашан, тіпті, өте қауіпсіз болса да, қандай да бір сақтау немесе басқа біреуге беру үшін біреудің қолынан зат алмаңыздар.

Адамдар аз (иесіз) жерде **күдік тудыратын затты тауып алу** сіздің сақтығыңызды әлсіретуге тиіс емес. Қаскөй адам оны бір нәрседен, біреуден



қорыққандықтан тастай қашуы мүмкін.

Тіпті, сіздің жарылғыш құрылғыларын білетін жеке тәжірибеңіз болса да, онымен бір нәрсе жасауға тырыспаңыз. Өздігінен жарылғыштар өте сезімтал және әккі болып келеді.

Күдік тудыратын затқа жақындамаңыздар, тіпті қол тигізбеңіздер, бұл - өмірлеріңізге өте қауіпті.

Балаларыңызға қауіпсіздік шараларын: бейтаныс адаммен көшеде сөйлесуге, үйде есік ашуға, жерде жатқан иесіз ойыншықты алуға, көзге түскен затқа жақындауға болмайтынын және т.б. үйретіңіздер.

Директор - бас редактор
Нелі ГОНЧАР

Газеттің меншік иесі:
«Газета «Весты» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Сәттуғиқ
Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы,
Бұлаев көшесі, Батыр Баян көшесі, 13 үй,
Тел: 2-17-49.

Баспа-алым индексі 65360
e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет антасына
1 рет бейсенбі күні
шығады.
Жазылу индексі - 65360

«Magzhan zhuldizi» газеті
редакцияла терісін беттеді.
«Сенерия Қазақстан»
баспа-алымасына басылды.
(Петроввал к., Копуков к-сі, 5 үй).
Таралымы - 450

Газет аудан ақсауын, аудандық
мәслихаттың танысырысы бойынша
шығарылды және газеттер арқылы
мемлекеттік ақпараттық саясатты
жүргізудегі ресми баспа-алым болып
табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г күзегіне алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қозғарысын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады